


**"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"
КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы атапқан білім беру
үйімінде қосымша білім беру шараларының нәтижелері**




Білім алушыларға қолдау мен қамкорлық

Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

«И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің гимараттың техникалық қауіпсіз жағдайы, өрт қауіпсіздігі және санитарлық ережелері мен нормаларына, оку және техникалық құралдардың техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді. Мектепте окушылар мен мұғалімдердің және дирекция әкімшілігінен кезекшілік үйымдастырылған, мектеп басшысы атынан бұйрық шығарылған. Оку үдерісі кезінде мектептің күзет бөлімі жұмыс жасайды. Мектепте 35 (отыз бес) бейне бақылаумен қамтылған, бейне бақылаудың белгісі бойынша шұғыл шара дер кезінде қолданып отырылады. Білім алушылар арасында өзара қауіпсіз қарым-қатынастар қалыптастыру мақсатында құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мұғалімдердің, психологтың, әлеуметтік педагог пен мектеп инспекторының бірлескен жүйелі және нәтижелі жұмыстары жүргізілуде. Білім алушылардың үрейлілік деңгейін анықтау бойынша педагогикалық ұжым жұмысы үйымдастырылған. Сенім телефонының жұмысы, өтініштер мен ұсыныстарды шұғыл турде қарап және тиісті шаралар қарастырылады.


"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету



Білім алушылардың жеке дамуына бағытталған жағдай қалыптастыру

Оку жұмыс жоспарының вариативтік бөлігіндегі сағаттардың бөлінуі білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып іске асырылады. Оқушылардың жеке қажеттіліктерін қолдау үшін қосымша материалдық-техникалық база жарақтандырылмаған. Секциялар, қызығушылық бойынша клубтар, білім алушылардың ғылыми қоғамы ұйымдары қызмет етеді. Балаларды жеке дамытуда мәдени орталықтары, қосымша білім беру ұйымдарымен тұрақты негізде ынтымақтастық іске асырылады. Білім алушылардың жарыстарға, конференцияларға, конкурстарға және фестивалдарға қатысуы үшін тұрақсыз қаржылық қолдау ұйымдастырылмаған. Педагогтар мен оқушылар арасында ынтымақтастық пен сенім атмосферасы қалыптасқан.


"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" 2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың жеке дамуына бағытталған жағдай қалыптастыру



Мектепте өзін-өзі басқаруды дамыту

Мектептің оқушылар арасынан өзін-өзі басқару жүйесі жасалған және бірнеше жыл бойы тиімді жұмыс жасап келеді. Комитет мүшелері сайланған. Мектептің өзін-өзі басқару өкілдері білім беру үйімі Кеңесіне дауыс беру құқығымен мүше болып сидеді. Балалардың білім беру үйімі өміріне мерзімдік қатысуы уәжделеді. Өзін-өзі басқару үйімінің шешімі барлық оқушы үшін шынайы. Өзін-өзі басқару үйімінің жұмысына материалдық-техникалық қолдау көрсетіледі. Үйімнің белсенді мүшелері үшін көшбасшылық тренинг, семинарлар өткізіліп тұрады.


"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы оқушылар арасында өзін-өзі басқаруды дамыту



Сыныптан тыс шара арқылы білім алушының тұлға ретінде қалыптасуы

Сыныптан тыс жұмыстар жүйесі қалыптасқан. Оқыту деңгейі бойынша білім алушылар үшін дәстүрлі интеллектуалдық, мәдени-көпшілік және ақысыз спорттық іс-шаралар жүйесі жұмыс жасайды. Сыныптан тыс шаралардың мазмұны окушылардың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. Сыныптан тыс шараларға окушыларды ынталандыру жүйесі күрылған. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді үйірме жетекшілері мен окушылардың өздері ұйымдастырады.

"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің сыныптан тыс іс-шаралар арқылы білім алушының тұлға ретінде қалыптасуы




Ата-аналармен және жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл сапасы

Ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың білім беру ұйымдарындағы білім беру процесі сапасын арттыру мәселесіндегі өзара іс-қимылы

Қызмет түрін стратегиялық жоспарлауға жергілікті қоғамдастық пен ата-аналар, қамқорлық кеңес мүшелері үнемі қатысады. Ата-аналардың білім беру процесі сапасын арттыру мәселесіндегі бірлескен қызметі жоспары нақты жасалынып және жүзеге асырылады. Оқыту сапасын арттыру бойынша ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларға ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтар белсене қатысады. (экскурсия, дәріс, пән бойынша қосымша сабактар және тағы басқаларды ұйымдастыру).


"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың сапасын арттыру мәселесіндегі өзара іс-қимыл



Ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың білім беру үйымдарындағы тәрбиелеу және білім алушылардың ынталасын көтеру мәселесі бойынша өзара іс-қимылы

Ата-аналар білім беру үйымдарының ішкі тәртібімен және Жарғымен айқындалған ережелерді толық орындауды, бірақ балалардың тарапынан олардың орындалуын толық қамтамасыз етпейді. Білім алушылардың білім алушады ынталасын көтеру мақсатында ата-аналар әңгімелесулер мен іс-шаралар үйымдастыруға шақырылады. Жергілікті қоғамдастықтар мен ата-аналар балаларды материалдық және моралдық тұрғысынан ынтыландыру жұмыстарын үйымдастырып, оның жұмыс істеге жүйесін қалыптастыруға қатысады. Ата-аналар үнемі ата-аналар жиналышына қатысып, оларды үйымдастыруға және өткізілуіне ат салысады.


"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың білім беру үйымдарындағы тәрбиелеу және білім алушылардың ынталасын көтеру мәселесі бойынша өзара іс-қимыл



Ата-аналар комитеті қызметінің үйымдастырылуы

Білім беру үйымының ата-аналар комитеті әкімшілікпен, окушылар кеңесімен және сыныптың ата-аналар комитетімен тығыз байланыс орнатады. Ата-аналар комитеті білім беру үйымының даму жоспарын жасақтау мәселесіне қатысты және іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз ету жұмыстарына қатысады. Білім алушылардың қосымша білім алыны мақсатында вариативті сағаттарды бөлуге қатысады. Окушылардың өзін-өзі басқару қызметіне және оның үйымдастырылуына ат салысады. Ата-аналар комитеті демеушілер іздестіруге және демеушілік қаражатты білім беру үйымының қажеттілігіне қарай бөлуге қатысады. Бюджеттен тыс шығындарды бақылауды жоспарлайды; қосымша қаржыландыру көздерін іздестіру жұмысын атқарады.


**"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің
2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар комитеті қызметінің
үйымдастырылуы.**



Ата-аналарды балаларының жетістіктері туралы ақпараттандыру

Ата-аналарды, өз балаларының жетістіктері туралы ақпаратты алу үшін әр сынып ата-аналар жиналасында жүзеге асырады. Сенім телефоны жұмыс істейді, арыз шағымдар мен ұсыныстар үшін жәшік орнатылған. Мекеменің интернет порталы толығымен білім алушылардың оку жетістігін көрсетіп отырады. Басшының блогына түскен өтініштерді уақтылы қарастыру қамтамасыз етілген.

"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналарды балаларының жетістіктері туралы ақпараттандыру



Үйірме жұмыстары арқылы баланың тұлғалық дамуы

Мектепте үйірме жұмыстарының жүйесі қалыптасқан. Үйірме жұмыстарын жоспарлау тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескермей жүргізіледі. Үйірме жұмыстарының мазмұны баланың тұлғалық дамуына бағытталған. Үйірме жұмыстарының нәтижелілігіне бақылау жүргізіледі. Үйірме жетекшілерінің үйымдастырған іс-шаралары соңында окушыларды ынталандыру ойластырылған.

"И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің үйірме жұмыстары арқылы баланың тұлғалық дамуы

